

ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ
ЭТНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЯ
ETHNOLOGY AND ARCHEOLOGY

FTAMP 03.61.91

DOI 10.51943/1814-6961_2021_1_170

ДОҢЫЗТАУДЫҢ БЕСПАЙ ЖӘНЕ ИЗЕНАҒАШ ДІНИ-ТҰРҒЫН
КЕШЕНДЕРІНДЕГІ МЕШІТТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әжіғали Серік Ескендірұлы¹, Әшім Бағлан Әбдірахманұлы^{*}

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы қ.

*Автор-корреспондент

E-mail адресстер: s.azhigali@gmail.com (Әжіғали), ashim.baglan@gmail.com (Әшім)

Түйіндеме. XIX ғ. ортасында жартылай-көшпелі, одан кейін жартылай-отырықшы өмір салтына бейімделген Доңызтау өңірінде ислам дінінің идеологиясы маңызды рөл атқарды. Діни қызметі айқын білінетін кейінгі қазақ қоныстарының ерекше түрлері қалыптасты. Атап айтқанда, Доңызтау өңірінде XIX ғ. II жартысында өңделген және өңделмеген тастан салынған «мешіттер, медресе-мектептер, тұрғын жайлар, рулық бейіттер немесе қорымдар және құдықтарды» қамтитын өзіндік ерекше «діни-тұрғын кешендері» бой көтерді. Діни-тұрғын кешендері негізінен Доңызтауды мекен еткен көшпелілердің күзеу қонысында орналасты. Мақалада авторлар Доңызтау ауданындағы діни-тұрғын кешендерінің қалыптасу тарихының кейбір мәселелерін қарайды. Сонымен қатар, Беспай және Изенағаш мешіттерін сипаттап, оның кейбір ерекшеліктеріне талдау жасайды. 2019 ж. Доңызтау өңірінде жүргізілген «Батыс Қазақстан кешенді этноархеологиялық экспедициясы» (жетекшісі С.Е. Әжіғали) кезінде авторлардың жинаған материалдары қарастырылады.

Кілт сөздер. Доңызтау, ислам діні, діни-тұрғын кешені, мешіттер, михраб, Беспай, Изенағаш.

МРНТИ 03.61.91

ОСОБЕННОСТИ МЕЧЕТЕЙ КУЛЬТОВО-ЖИЛИЩНЫХ КОМПЛЕКСАХ
БЕСПАЙ И ИЗЕНАГАШ В ДОНЫЗТАУ

Ажигали Серик Ескендирулы¹, Ашим Баглан Абдрахманұлы^{*}

¹Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, Казахстан, г. Алматы.

*Автор-корреспондент

E-mail адреса: s.azhigali@gmail.com (Ажигали), ashim.baglan@gmail.com (Ашим)

Аннотация. В середине XIX века исламская идеология играла важную роль в регионе Доңызтау, приспособившись к полукочевому, а позднее, полуоседлому образу жизни. Позднее сформировались особые типы казахских поселений, в которых ярко проявлялась культовая функция. В частности, во второй половине XIX века в районе Доңызтау возводили особенные оригинальные «культово-жилищные комплексы», включавшие сложенные из обработанного и необработанного камня «мечети, школы-медресе, жилые постройки, родовые кладбища или погребения». Культово-жилищные комплексы располагались в основном на осенних стоянках кочевников, населявших Доңызтау. В статье авторы изучают некоторые проблемы истории формирования культово-жилищных комплексов района Доңызтау. Наряду с этим, дается характеристика мечетей Беспай и Изенағаш и осуществляется анализ некоторых его особенностей. Рассматриваются материалы, собранные авторами в период проведения в 2019 в Доңызтау «Западно-Казахстанской комплексной этноархеологической экспедиции» (руководитель – С.Е. Ажигали).

Ключевые слова: Доңызтау, ислам, кульгово-жилищный комплекс, мечети, михраб, Беспай, Изенагаш.

IRSTI 03.61.91

FEATURES OF MOSQUES IN CULTURAL RESIDENTIAL COMPLEXES BESPAI AND IZENAGASH OF DONYZTAU AREA

Azhigali Serik Yeskendiruly¹, Ashim Baglan Abdrakhmanuly^{1*}

¹Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Kazakhstan, Almaty.

*Corresponding author

E-mail: s.azhigali@gmail.com (Azhigali), ashim.baglan@gmail.com (Ashim)

Abstract. In the mid-19th century, Islamic ideology played an important role in the Donyztau region, adapting to a semi-nomadic, and later - semi-sedentary lifestyle. Later, special types of Kazakh settlements were formed, in which the cult function was clearly manifested. In particular, in the second half of the 19th century, special original “cult-dwelling complexes” were erected in the Donyztau area, including “mosques, schools-madrasahs, residential buildings, ancestral cemeteries or burials” made of processed and unworked stone. Cult-dwelling complexes were located mainly in the autumn camps of the nomads who inhabited Donyztau. In the article, the authors study some of the issues related to the history of cult-dwelling complexes formation in the Donyztau region. Along with this, a description of the Bospai and Isenagash mosques is given and an analysis of some of its features is carried out. The materials collected by the authors in Donyztau in 2019 during the period of the “West Kazakhstan Integrated Ethnoarchaeological Expedition” (headed by S.E. Azhigali) are considered.

Key words: Donyztau, Islam, cult-dwelling complex, mosques, mihrab, Bospai, Isenagash.

Кіріспе. Ел аузында «Доңызтау» аталып кеткен тарихи-мәдени өңір Батыс Қазақстанда, нақтырақ айтқанда Үстірттің солтүстік шыңы аймағында орналасқан. Мұнда қазақ халқының тұтастай бір кезеңінің тарихын айғақтайтын бай тарихи ескерткіштердің шоғырлануымен ерекшеленген. Әсіресе, ХІХ ғ. екінші жартысында бой көтерген мешіт-медреселері бар «діни-тұрғын кешендерін» атауға болады. Кешен «мешіт-медресе, тұрғын жайлар, құдықтар, рулық бейіттер немесе қорымдардан» тұрады. Мұндай өзіндік ерекше діни-тұрғын кешендерін және оның мешіттері жайлы алғашқы зерттеулер С.Е. Әжіғалидің еңбектерінде сипатталған (Аджигалиев, 1994; Ажигали, 2002a:98-128; Әжіғали, 2015:6-17 бб.). Онда Доңызтауда орналасқан ХІХ ғ. ортасы – ХХ ғ. басына жататын бес мешіттің жоспары мен сипаттамалары берілген. Оның ішінде Беспай мешіті де суреттелген (Ажигали, 2002a:106–114). Сонымен қатар, Л.Р. Тұрғанбаеваның зерттеулерінде Доңызтаудағы Шолабай діни-тұрғын кешені мен оның мешіті жайлы және өңірдегі мешіт жанында салынған кейбір медреселері жөнінде далалық материалдармен толыққан (Турганбаева, 2011; Турганбаева, 2012). Этнографтар Р.А. Бекназаров, Қ.Қ. Рахбаевтар соңғы жылдары арнайы түрде Доңызтау ауданындағы (Ақтөбе облысының басқа да өңірлерін) мешіттердің тарихы, ерекшеліктері және дін қайраткерлері жайлы далалық экспедиция және архив материалдары бойынша зерттеу жүргізіп келеді (Бекназаров, 2007; Бекназаров, 2018; Қазақ мешіттерінің., 2016; Рахбаев, 2020).

Материалдар мен әдістер. Мақалада авторлардың 2019 ж. «Доңызтау ауданында» жүргізілген «Батыс Қазақстан кешенді этноархеологиялық экспедициясы» (жетекшісі С.Е. Әжіғали) кезінде жинаған материалдары қарастырылады (АДЭМ, 2019)¹. Онда Беспай және жаңадан ашылған ескерткіш Изенагаш діни-тұрғын кешендерінің мешіттері сипатталады. Негізінен мақала кешенді сипатқа ие, ол тарихи-этнография, этноархеология және жаңа ғылыми бағыт қазақ ескерткіштануы ғылым салаларын қамтып жатыр. Мақалада эмпирикалық-салыстырмалы сипаттау, талдау, синтездеу, ретроспективті әдістері кеңінен қолданылды.

¹Мақалада Батыс Қазақстан кешенді этноархеологиялық экспедициясының (жетекшісі С.Е. Әжіғали) суреттері мен сызбалары пайдаланылды.

Талқылау және нәтиже. Доңызтау ауданы Батыс Қазақстан аймағында орналасқан, нақтырақ айтқанда Солтүстік Үстірт шыңдарын бойлай батыс бағытқа қарай созылып, ең жайылып аққан Шаған өзенінің төменгі ағысындағы өңірді қамтып жатыр. Ал тарихи-мәдени тұрғыдан «Доңызтау ауданы» жоғарыда аталған территориямен ғана шектелмейді. Сонымен қатар, Тассай алқабынан шығысқа қарай, Солтүстік Үстірт, Шағырай шоқыларына іргелес жатқан өңірлер және Желтау кіреді (қазіргі бөлініс бойынша Ақтөбе облысының Байғанин ауданы мен Атырау облысының Жылой ауданының аумақтары). Сондай-ақ, Доңызтау шығысында Қошқар-ата, Қыздаршыққан және солтүстігінде Сарықұм, Терескен құмды аудандарымен шектесіп жатыр. Доңызтау ауданы негізінен шалғай аудан болғандықтан оның табиғаты өзгеше және жер бедерлері де күрделі болуымен ерекшеленген. Мұнда тау қалдықтары мен шыңдардан, тегіс кеңістіктен, үлкен аумақты алып жатқан сорлардан және құмдауыттардан тұрады. Доңызтау сөзі «тауды мекен еткен жабайы доңыздар» атауынан шыққан-ды. Жергілікті информаторлардың берген дерегі бойынша «Доңызтау ертеректе Талды-өзек аталған (талды алқап). Мұнда ағып жатқан Шаған өзенінің төменгі ағысының бойында көптеген талдар өскен; тоғай, тіпті орманды алқап болған. Осы тоғайда көптеген жабайы доңыздар мекен еткен» (Аджигалиев, 1994:49). Осыған орай, халық арасында бұл өңір Доңызтау аталған-ды.

Мұнда ертеден қазақтардың шөмішті-табын рулары, ішінара адай (батыста), шекті (шығыста) рулары мекендеген. Олардың негізгі жайлауы солтүстікте Ембі, Сағыз өзендері мен Мұғалжар таулары болса, қыстауы оңтүстікте Сам құмын, Бозашы түбегін, Маңғыстау және Үстірттің бір бөлігін қыстаған (Ажигали, 2002а:407). Ал Доңызтау өңірінде көшпелілер күзеу мен көктеу және кейде жайлау қонысы ретінде тұрақтаған. Қазақтардың дәстүрлі көшпелілік жүйесінде көктеу мен күзеу қонысы көп жағдайда бір жерде болды. Олар қыстау мен жайлау қоныстарының арасында көш жолдардың бойында орналасты. Яғни, «Доңызтау ауданы» көшпелі қазақтардың күзеу мен көктеу (кейде жайлау) қонысы ретінде таңдап алынған маңызды тарихи өңірі.

XIX ғ. ортасында далалық аймақтарда көшпелі қазақтардың әлеуметтік-экономикалық ахуалы және дәстүрлі шаруашылықтары түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Дәстүрлі көшпелі ғұмыр кешкен далалық аймақтардағы қазақтар енді жартылай-көшпелі және одан кейін жартылай-отырықшылыққа ауысты. XIX ғ. соңына қарай қазақтардың әуелі жазғы жайлау жерлеріне переселендердің жаппай қоныстануы салдарынан қазақтардың дәстүрлі көш жолдары қысқарды, жазғы жайылым жерлері тарылды. Жазғы жайлау төңіректерінде, күзеу мен көктеу қоныстарында енді қыстаулар саны өсті; сауда саттық артты; егіншілік және қысқа арнап мал азығы үшін шөп шабу айрықша дамыды. Бұндай тарихи-мәдени бетбұрыстардың Доңызтауды мекен еткен көшпелілерге де ерекше ықпалы болды. Доңызтау төңірегінде көшпелілердің дәстүрлі шаруашылықтарында біршама өзгерістер мен жаңашылдықтар енді. Әсіресе, мұнда қыстаулардың саны өсті, шөп шабу қарқын алды және Шаған өзенінің бойында егін шаруашылығы жылдан-жылға артып отырды (Материалы по киргизскому землепользованию, 1910:37). Егін шаруашылығына енді тек жатақтар ғана емес, көшпелілер де айрықша мән берді. Олар ерте көктемде Доңызтауға келіп тұрақтаған соң, жұмыс күші екіге бөлінді. Әрине, мұндай жағдайда әрбір әулеттің ішінде өзара келісім арқылы шешіледі. Бірі егін шаруашылығымен айналысса, екіншісі Мәнісай және Шаған өзендерінің бойында маусым айына дейін мал бағады. Өзеннің суы жазға қарай тартылып, құрғақтай түскенде малшылар жайлауға қарай көшеді. Жаз уақытында қой мен түйені Доңызтау төңірегінде бағып қалады да, жылқы малын Мұғалжар тауы мен Ембі өзені бойына қарай жайлау өрісіне айдайды. Ал Доңызтау өңірінде түйе мен қойды бағып қалған малшылар шілде және тамыз айларында егін жинау, шөп шабу жұмыстарын атқарады (Ларин, 1928:82). Шаған өзені егін шаруашылығы мен мал шаруашылығының қысқа арнап азық-қорын жинайтын базасы деуге болады. Онда өзеннің төменгі ағысының баурайы көктемде жауын-шашынның және қардың суынан өзен арнасынан тасып, жайылма су жиналады. Осы жайылма-көлтабан төңірегін егін егу кезінде пайдаланған (Ищенко и др., 1928:83). Яғни ылғалды-батпақ болып қалған жерлерді аздап қарапайым соқамен жыртып, арпа мен бидай себеді. Артынан кейде малалаудың орнына бір отар қойды айдап салып отырған (Материалы по киргизскому землепользованию, 1910:36; Ларин, 1928:76). Өзен бойында жиналған жайылма-көлтабан жаз мезгілінде суы тартылып, орнына қаптап өскен шөпті қысқы мал азығы ретінде

шауып алады. Осылайша, егін шаруашылығы, қысқа арнап мал азығы ретінде шөп шабудың артуы кейінгі қазақ қоныстарының ұлғаюына өзіндік ерекше ықпалы болды.

Сонымен қатар, жартылай-көшпелі, жартылай-отырықшы өмір салтына бейімделген Доңызтау өңірінде қарқын алған ислам дінінің идеологиясы маңызды рөл атқарды. Діни қызметі айқын білінетін кейінгі қазақ қоныстарының ерекше түрлері қалыптасты. Атап айтқанда, Доңызтау өңірінде XIX ғ. II жартысында өңделген және өңделмеген тастан салынған «мешіттер, медресе-мектептер, тұрғын жайлар, рулық бейіттер немесе қорымдар және құдықтарды» қамтитын өзіндік ерекше «діни-тұрғын кешендері» бой көтерді (Ажигали, 2002б:171). Бұны негізінен қазақтардың «алғашқы ауылы» деуге болады. Мұндай кешендер Доңызтаудың терең де кең сайлардың жағасы мен баурайларында шамамен 30-ға жуығы орналасқан. Олардың орналасу жоспары әртүрлі болып келген. Кешендердің арасында аумағы үлкен және шағын болып келгендері де бар. Доңызтаудың жер бедерлерінің күрделі болуына байланысты мұндағы діни-тұрғын кешендер орналасуына қарай топ-топқа бөлініп, бірі кең алқапты сайды, бірі жыраларды, бірі жонның бөктерінде шоғырланып кең аумақты алып жатады. Мысалы, бір тобы мешіт-медресе және тұрғын үйлерден, екінші тобы бейіттер немесе қорымдардан, үшінші тобы кейде шаруашылық құрылыстардан (мал қоралар және т.б.), төртінші тобы құдықтар немесе бұлақтардан тұрады (кешендердің орналасу жоспарын мына әдебиеттен қарауға болады: Ажигали, 2002а:100, 104, 112). Доңызтау өңірінде шоғырланған кешендерді төрт негізгі топқа бөлуге болады: Солтүстік шың бойында – Қайнар, Беспай, Ащы-айрық, Сүлікті, Жылыбұлақ, Көкей Ақсай, Тасқабак кешендері; Шағырай жонында – Үлкен Жыбысқа, Кіші Жыбысқы кешендері; Желтауда (Атырау обл. аумағы) – Шолабай, Ортауау, Шерлігүл және т.б. кешендері; Асмантай-Матай сорының солтүстігіне қарай – Сұлтан ақын, Төлебай және т.б. кешендер. Жартылай көшпелі қазақтардың қонысы ретінде салынған мұндай кешендер көштің басты жолдарында, жонға көтерілу тораптарында, құдықтарға не бұлақтарға тоғысатын (Әжіғали, 2015:7).

Діни-тұрғын кешендердің бой көтеруіне белсенді діни тұлғалардың да рөлі ерекше болды. Әсіресе, Доңызтауда алғашқы мешіт-медреселердің салынуына мұрындық болған Досжан ишан Қашақұлының (1812-1896) есімі ел арасында айрықша аталады. Ол Доңызтау өңіріндегі Қайнар деген жерде және Шилісуда (қазіргі Ақтөбе обл. Темір ауд. Шұбарқұдық елді мекенінің маңындағы Ишан ата кешені) екі үлкен мешіт салғызған (Әжіғали, 2001:273). Сонымен қатар, осы өңірде басқа да мешіт-медреселердің салынуына мұрындық болған ахун, ишандар жетерлік. Солардың ішінде, әлі күнге дейін мешіт кешендері ел есінде қалған ахун, ишандардың атымен аталады. Мысалы, Сұлтан ақын, Шерлігүл ишан, Жұмағали ишан және басқалар.

Діни-тұрғын кешендері негізінен Доңызтауды мекен еткен көшпелілердің күзеу қонысында орналасты. Көктеу өрісіне қарағанда күзеу қонысының шаруашылық жұмыстары күрделі әрі жауапкершілігі маңызды маусымдық кезең. Ертеден дәстүрлі көшпелілер күзеу өрісіне тұрақтағанда, қыстың алдындағы дайындық тіршілікқамның міндеттері ретінде қой-ешкінің күйігін алу, күзем жүнін қырку, соғым сою, қыстау-қораларды жөндеу, тұрмыстық заттарды дайындау және отын әзірлеу секілді қыруар жұмыстар атқарылатын. Енді мешіт-медреселері бар «діни-тұрғын кешендері» бой көтерген күзеу қонысы – білім беру, діни рәсімдерді өткізу секілді мәдени ошағына айналды. Діни-тұрғын кешендерінде үнемі ишандар, молдалар, медресенің оқушылары, жатақтар және егіншілер өмір сүрді. Мұнда ишан-молдалар көшпелілердің балаларын оқытып, сауатын ашты; қайтыс болған кісілер осында жерленіп, рулық зираттар-қорымдар ұлғайды; ірі ас беру жиі өткізіліп, күзеу қонысы білім беру мен діни рәсімдерді өткізудің маңызды функциясына айналды. Сонымен қатар, көшпелілер мешіт кешендеріне қыста жағатын баялыш отындарын жеткізіп отырды; ал жатақтар мүмкіндігінше астықпен қамтамасыз етті. Міне, осылайша Доңызтау өңірінде бой көтерген діни-тұрғын кешендері XIX–XX ғғ. басында көшпелілердің қоныс жүйесінде, мәдениетінде, шаруашылығында маңызды рөл атқарды (Ажигали, 2002б:171).

Доңызтаудың діни-тұрғын кешендеріндегі мешіттер негізінен басты намаз оқитын бөлменің ортасында берік пилон (бағана) арқылы төбе жабыны төрт күмбезді, алты күмбезді етіп көмкерілуімен ерекшеленген. Сонымен қатар, төбе жабыны жазық етіп жабылған және екі күмбезді болып көмкерілген мешіттер де бар. XIX ғ. қазақ даласында таралған ислам дінінің екі бағытының идеологиясы әртүрлі типтегі мешіттердің

салынуына әсері болды. Солтүстіктен Қазан және Уфа қалаларының теология орталықтарының әсері болса, екіншісі оңтүстіктен Түркістан, Бұқара және Хиуаның сопылық бағыттағы діни мектептері ықпалы етті (Бекназаров, 2018:24). Екі бағыттың ықпал етуі аймағының шартты шекараларын Ақтөбе облысы аумағы бойынша алып қарар болсақ, этноархеологиялық зерттеушілердің көрсетуінше «Ембі өзенінің бассейні, Мұғалжар тауларының оңтүстік сілемдері, Ырғыз өзенінің төменгі ағысы және Құрдымға дейінгі жерді» атайды (Қазақ мешіттерінің., 2016:10-11; Бекназаров, 2018:24). Шартты түрде көрсетілген шекараның солтүстік бөлігіндегі мешіттер «татар типіне» ұқсатып салынды (Дүйсенбі ахун мешіті, Мәжит Фаткуллин мешіті, Шәкен ишан мешіті және т.б. (Бекназаров, 2018:24; Ажигали, 2002a:178-179, 202-203; Әжіғали, 2015:27). Ал оңтүстік бөлігінде, яғни Доңызтауда көне маңқыстау-үстірттік стиліне жақын, бірақ өзіндік төлтума Доңызтаулық мешіттер бой көтерді. Соның бірі, солтүстік шын бойында орналасқан *Беспай діни-тұрғын кешеніндегі мешіт* бірден-бір жарқын мысал бола алады. Кешен Доңызтаудағы Тұшщы-айрық құдығынан солтүстік-батысқа қарай 13,8 км қашықтықта орын тепкен (қазіргі Байғанин ауданы Дияр ауылынан оңтүстік-шығыста 46,4 км жерде). Ескерткішті өткен ғасырдың 80 жж. және 90 жж. басында С.Е. Әжіғали зерттеп, ғылыми айналымға енгізген (Аджигалиев, 1994:56-57; Ажигали, 2002a:106-115). Кешен шөмішті-табын руларының көш жолдарының бойында маңызды жүк тиетін орындардың бірі ретінде ХІХ ғ. бірінші жартысында салынған. Мұндағы тұрғын жайлар, мешіт-медресе және рулық зираттар көшпелілердің күзеу қонысы ретінде қолайлы болған. Қоныстың кейбір тұрғындары (молда, оның шәкірттері және жұмысшы-жатақтар) жылдың көп бөлігін осында өмір сүрген. Дегенмен, жан-жақтан қатты соғатын жел болғандықтан мұндай жерлер, әсіресе қыстау ретінде пайдалану көшпелілер үшін мүлде қолайсыз (Ажигали, 2002a:106-107). Оған экспедиция кезінде (2019 ж. қазан айының соңғы күндері) жан-жақтан тоқтаусыз қатты соққан желге бізде куә болдық.

Беспай кешені күрделі жер бедерлерінде орналасуымен ерекшеленген. Кешендегі ескерткіштердің орналасуына орай жоғарғы және төменгі болып екі бөліктен тұрады. Олардың арақашықтығы 800 м. Жоғарғы бөлігінің ескерткіштері Үстірт жонының қырларында кең терассада батыстан шығысқа қарай созылып жатыр. Онда шағын бейіт, тұрғын үйдің қалдығы және жеті құдықпен оның тас астаулары орналасқан. Ал төменгі бөлігінде мешіт, медресе және бірнеше тұрғын жайлардың қирандылары шеңберлі алаңда орын теуіп, үш жағын қоршаған үстірт шоқылары табиғи көркемдік беріп тұр (орналасу жоспары мына еңбекте көрсетілген: Ажигали, 2002a:112).

Мешіт кешеннің төменгі бөлігінде тұрғын-жайлармен қатар орналасқан. Мешіттің жоспары төртбұрышты болып (6,8x9 м.), төрт бөлмеге бөлінген. Атап айтқанда, намаз оқитын бөлме, дәліз (ауыз үй) және қосымша тағы екі бөлмеден тұрады (сурет 1). Мешіт негізінен аласа етіп салынған (қабырғаның биіктігі 1,9 м.). Мұндай аласа етіп салынған мешіттерді осы өңірдің басқа да кешендердің мешіттерінен кездестіруге болады (Ажигали, 2002a:105). Сондай-ақ, мешіттің барлық есіктері енділеу болғанымен (0,9 м.), аласа етіп жасалған. Ғимараттың қабырғасы күңгірт-қызыл шойтастардан тұрғызылған. Шойтастардың араларын балшықпен байланыстырып, шебер әрі берік етіп қаланған. Мешіттің ішкі қабырғалары қара сылақпен сыланып (сабан араластырғанға ұқсайды), оның сыртынан ақ бормен ақталған. Мешітті Өмірбай-ақын салғызған.

Намаз оқитын бөлменің жоспары шаршы болып келген (5,6x5,6 м.). Оңтүстік қабырғада конха формасында шағын михраб орналасқан (ені 85 см., биіктігі 126 см.). Михрабтың іргетасы төрт қырлы. Терезелері михрабтың екі қапталында орын тепкен. Олардың жоспары төртбұрышты әрі шағын етіп салынған. Бөлменің дәл ортасында берік пилон (бағана) орнатылған. Пилон төртбұрышты етіп (0,8x0,9 м.) шойтастардан шебер тұрғызылған. Осы пилоннан төрт қабырғаның ортасына аркалар тасталып, намаз оқитын бөлмені төрт бөлмеге бөліп тұрғандай (сурет 2). Аркалар аласа салынып (ішінен есептегенде биіктігі 1,6 м.), маңдайшасының құрылысы кесекпен қырынан қаланған. Бөлменің тағы бір ерекшелігі, төбе жабыны төрт күмбезді етіп жабылған. Яғни, әдеттегі ортада орналасқан пилоннан төрт қабырғаның ортасына тасталған аркалар бөлменің төбесін төрт күмбезге бөліп тұр және қабырғалардың түйіскен бұрыштарында троп салынып архитектуралық шешімін тапқан. Күмбездері кесектен қаланған. Алайда, қазіргі таңда күмбездер толықтай қираған. Намаз оқитын бөлменің интерьері аркалар арқылы

бірнеше бөлмелерге бөлу және төбе жабыны төрт күмбезді немесе алты күмбезді етіп көмкерілген мешіттер Доңызтаудың басқа да кешендердің мешіттерінен кездестіруге болады (Ажигали, 2002а:103-117). Бөлменің солтүстігінде көрші болып еңсіз бөлме қосылған. Бөлменің төбе жабыны қорапты тоғыспа (коробовый свод) етіп жабылған. Бірақ, бүгінде сақталмаған. Намаз оқитын бөлменің шығыс жағында көлденеңінен мешітке кіретін дәліз орналасқан (1,1x5,3 м.). Оның шығыс қабырғасында әдеттегідей аласа есік салынып, тағы бір шағын бөлмемен жалғасады (4,2x4,5 м.). Сонымен қатар, мешіттің жанында медресе болған. Оның тек бүгінде іргетасының іздері ғана сақталған.

Доңызтау өңірінің тас қашау өнерінің ашық аспан астындағы мұражайы болып табылатын «Кұрсай» бейіті бар. Осы бейіттен батысқа қарай 6,5 км. қашықтықта мешіті бар шағын діни-тұрғын кешені орналасқан (қазіргі Байғанин ауданына қарасты Тассай бекетінен 60 км оңтүстік-батыста). Ескерткішті 2019 ж. Батыс Қазақстан кешенді этноархеологиялық экспедициясы (жетекшісі С.Е. Әжіғали) ашты. 100 мың. масштабтағы топокартада (л. L40-055) ескерткіштің орналасқан жердің атауы – «Изенағаш» деп берілген. Осыған орай, біз ескерткіштің атауын *«Изенағаш діни тұрғын кешені»* деп атауды ұйғардық. Қазақ тілінде «изен» сөзі қазақ халқы арасында малазығы ретінде жусанмен қатар аталатын бұташық өсімдік түрі (Қазақ тілінің әдеби сөздігі, 2011:208-209).

Кешен оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай созылып 500 м. жуық аумақты алып жатыр. Ескерткіштердің орналасуы кеңістігіне қарай үш негізгі бөлікке бөліп қарастыруға болады: мешіт және тұрғын үйдің қирандысы; қоныстың оңтүстік-шығысында орналасқан бейіт; сондай-ақ кешеннің солтүстік-батысында үстірт шыңының астында екі құдық пен оның астаулары жатыр. Сонымен қатар, кешенде бүгінгі күнге дейін біршама жақсы сақталған ескі жолды байқауға болады. Яғни ескі жол тұрғын үйден 80 м. батысқа қарай үстірт шоқыларынан төменге қарай түскен (кешеннің жалпы орналасу жоспары: сурет 3).

Кешендегі назар аударарлық ерекше ғимарат ол **тастан салынған мешіт** болып табылады. Мешіт кешеннің жазық бөлігінде салынған. Мешіттің жоспары тікбұрышты (14,6x11,5 м.), оңтүстік, оңтүстік-батыстан – солтүстік, солтүстік шығыс бағытқа қарай сәл созылғы орналасқан. Ғимараттың сақталған қабырғаларына қарағанда, мешіттің солтүстігі кіреберіс тамбуры содан кейін оңтүстікке қарай негізгі бөлме – намаз оқитын залы және батыс жағында жапсыра салынған тағы бөлме орналасқан. Оның сыртқа шығатын есігі бар (сурет 4). Қабырғасы қарапайым тастардан тұрғызылған. Тастардың араларын балшықпен байланыстырып, шебер әрі берік етіп қаланған. Барлық қабырғалары біршама жақсы сақталған. Ең биік сақталған қабырғасы 3 м. (мешіттің оңтүстік және оңтүстік-шығыс қабырғасы). Ал қалыңдығы 1 м. дейін жетеді. Алайда, мешіттің төбе жабыны бүгінде сақталмаған. Дегенмен, намаз оқитын бөлменің төбесі бөренемен жазық етіп жабылған болу керек-ті. Кейін бұл кешен қараусыз қалған соң керек құрылыс материалдарын алып кеткен болуы мүмкін.

Намаз оқитын бөлменің оңтүстік қабырғасында әдеттегідей конха формасында михрабы (ені 96 см., биіктігі 142 см.) орналасқан (сурет 5). Оның іргетасы жарты шеңберлі етіп салынған (тереңдігі 50 см). Михрабтың екі қапталында екі терезе және шығыс қабырғада тағы екі терезе орын тепкен. Терезелердің жоғарғы бөліктері қираған, алайда жоспары қарапайым төртбұрышты. Бөлменің солтүстік-шығыс бұрышында жоспары төртбұрышты болып келген (4,1x2,1 м.), солтүстіктен оңтүстік бағытқа қарай созылған іргетастың қалдықтары сақталған (қалыңдығы 60 см.) (сурет 6). Сақталған іргетасқа қарағанда намаз оқитын бөлмеде тағы бір бөлме болғандығын білдіреді (мүмкін, әйелдерге арналған шағын бөлме?). Намаз оқитын бөлменің батысында солтүстіктен оңтүстік бағытқа қарай созылған (14,6x3,8 м.) тағы бір бөлмемен жалғасады. Бір қызығы, бұл бөлме кейіннен қосылғаны байқалды. Оның оңтүстік және солтүстік қабырғасында терезелері салынған. Мұндай кейін қосылған бөлмелер Доңызтау өңірінің көптеген мешіттеріне ұқсас жағдай. Оны мүмкін қызметтік-шаруашылық бөлме, отын-жай сақтайтын бөлме, дәрісхана (медресе) немесе т.б. ретінде түсіндіріледі. Ал батыс қабырғасының орта тұсында сыртқа шығатын есік орналасқан. Сонымен қатар, намаз оқитын бөлменің солтүстік жағында мешіттің ауыз үйі болса, оның шығыс қабырғасына көршілес тағы шағын бөлме салынған. Бөлменің ішіндегі сылақтары біршама сақталған. Шығыс қабырғасында сыртқа шығатын есік орны бар.

Беспай кешеніне қарағанда Изенағаш кешенінде тұрғын үй жайлар жоқтың қасы.

Тек, мешіттің солтүстігінде 35 м. қашықтықтан кейін тастан салынған тікбұрышты жоспарда (10,10 x 19,60 м.) шығыстан батысқа қарай өс бойымен созылыңқы болып келген бір тұрғын үйдің қирандысы сақталған. Жоспары төрт не бес бөлмеден тұрады. Өкінішке орай, құрылыстың қабырғалары болар-болмашы сақталғандықтан оның архитектуралық ерекшеліктерін жорамалдау өте қиын. Алайда, мешіттің жанында медресе, худжра, тұрғын үй және басқа да жайлардың орналасуы бұл өңірдегі басқа да кешендерге тән жағдай (Ажигали, 2002:98-128; Турганбаева, 2011; Турганбаева, 2012). Мешіттің оңтүстік-шығысында 120 м. қашықтықтан кейін XIX ғ. соңы – XX ғ. басына жататын кешеннің бейіті орналасқан. Бейіт солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай созыла 115 м аумақты алып жатыр. Бейіттің аумағы біршама үлкен болуына қарағанда, ас беру, мәйітті жерлеу секілді рәсімдер осы кешенде атқарылған болуы керек-ті.

Қорытынды. Мешіттер мәселелерін, әсіресе, Доңызтау өңірінің мешіттерін зерттеу ісін жалғастыру тек этноархеологиялық, ескерткіштану тұрғысынан ғана емес, этномәдени тұрғыдан да маңызды екенін айта кету керек. Өйткені, бұндағы «мешіті бар діни-тұрғын кешендері» қазақ даласында ислам дінінің идеология ретінде бекуі, жартылай отырықшы өмір салтына көше бастау, тұрғын үй салу мен шөп шабудың тарала бастауы секілді XIX ғ. ел өміріндегі үлкен өзгерістерді айғақтайды. Бұл кезеңде Батыс Қазақстанда діни-рухани ағартушылардың белсенділігі артып, жер-жерлерде мешіттер көптеп салынды. Соның бір орталығы Доңызтау өңірі болды. Әйгілі Досжан-ишан Қашақұлының діни қайраткер ретіндегі қызметі осы өңірмен тікелей байланысты. Мұнда оның ізбасарлары да көп болған. Сондықтан да, Ақтөбе облысының «Доңызтау ауданы» Ұлттық табиғи және тарихи-мәдени саябақ құруға сұранып тұрған бірден-бір өңір болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

Аджигалиев С.И. Памятники Доңызтау (Северный Устюрт) // Известия НАН РК. Серия общественных наук. 1994. № 1. С. 49-64.

АДЭМ – Авторлардың далалық экспедиция материалдарынан. 2019 жылы Ақтөбе облысы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылған «Батыс Қазақстан кешенді этноархеологиялық экспедициясы» (жетекшісі С.Е. Әжіғали) кезінде жинаған. Қазан-қараша айлары. Далалық жұмыс Ақтөбе облысында жүрді (экспедицияның маршруты Ақтөбе қаласынан оңтүстікке қарай түсіп, Доңызтау ауданында жалғасты).

Әжіғали С.Е. Досжан ишан Қашақұлы // Қазақстан Ұлттық энциклопедия. Т.3. / Бас ред. Ә. Нысанбаев. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2001. 273 б.

Ажигали С.Е. Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии. Алматы: «Ғылым», 2002а. 654 с.

Ажигали С.Е. Традиционная система скотоводческого поселения казахов (в историческом развитии) // Этнографо-археологические комплексы: проблемы культуры и социума. Новосибирск: «Наука», 2002б. Т. 5. С. 143–190.

Әжіғали С.Е. Ақтөбе облысының аса көрнекті архитектуралық ескерткіштері: фотокөрме. Ғылыми-ақпараттық басылым. Алматы-Ақтөбе, 2015. 52 б. – қазақ, орыс тілдерінде.

Бекназаров Р.А. Мечети Северного Приаралья (конец XIX – начало XX вв.): историко-этнографическое исследование // Отан тарихы. 2007. № 2. С. 135–148.

Бекназаров Р.А. Религиозные деятели и мечети XIX – начала XX вв.: исследование на материалах Актюбинской области // Отан тарихы. 2018. № 3. С. 21–29.

Ищенко М.М., Казбеков И.С., Ларин И.В., Щелков Б.К. Особенности сельского хозяйства адаевского уезда / Исследование 1926 г. Л.: «Издание Академии наук СССР», 1928. Вып. VI. 215 с.+карт.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 7-том / Құраст.: Б. Момынова, Б. Сүйерқұлова, А. Фазылжанова және т.б. Алматы, 2011. 752 б.

Қазақ мешіттерінің және діни қайраткерлердің тарихы (XIX ғ. аяғы – XX ғ. басындағы Ақтөбе облысы материалдарының негізінде) / Ред. алқа С.Е. Әжіғали, А.Ә. Айталы, Н.А. Абдуллаев, Р.А. Бекназаров, Г.Б. Избасарова, Ә.Б. Шалманова, Қ. Рахбаев, Д.А. Сайынов. Ақтөбе: «Қ. Жұбанов ат. АӨМУ баспа орталығы», 2016. 100 б.

Ларин И. Урочище Донгуз-Дау и его значение, как кормовой базы, в жизни рода Табын Адаевского уезда // Народное хозяйство Казахстана. 1928. № 1. С. 67-83.

Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные

статистической партией Тургайско-Уральского переселенческого района. Темирский уезд. Оренбург: Издание Переселенческой организации Тургайско-Уральского района, 1910. 651 с. разд. паг., 5 л. карт., табл.

Рахбаев Қ.Қ. Желтау мешіттерінің тарихы (XIX ғ. ортасы – XX ғ. басы) // «edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2020. № 1.

Турганбаева Л.Р. Некоторые замечания об архитектуре казахских медресе // «Арал-Каспийский регион в истории и культуре Евразии»: Материалы II Международной научной конференции, посвященной 20-летию независимости Республики Казахстан. Алматы–Актобе: «Арыс», 2011. С. 278-281.

Турганбаева Л.Р. К проблеме изучения культово-жилищных комплексов Западного Казахстана // Материалы 1-го и 2-го Симпозиума по казахскому памятниковедению. Алматы–Атырау: «Ағатай», 2012. С. 150-156.

References

Adzhigaliev S.E. Pamijatniki Donyztau (Monuments of Donyztau) // Izvestia NAN RK. Seria obshchestvennykh nauk. 1994. № 1. S. 49-64. [In Russian].

ADEM – Avtordyn dalalyk ekspeditsiya materialdarynan (materials of the authors of the field expedition). 2019 zhyly Batys Kazakhstan keshendi etnoarheologiyalyk ekspeditsiya (zhetekshisi Azhigali S.I.) kezinde zhinagan. Kazan-karasha ailary. Dalalyk zhumys Aktobe oblysynda zhurdi (ekspeditsiyanyn marshruty Aktobe kalasynan ontustikke karai tusip, Donyztau audanynda zhalgasty). [In Kazakh].

Azhigali S.E. Doszhan ishan Kashakuly (Doszhan ishan kashakuly) // Kazakhstan Yltyk ensiklopedia. T.3. / Bas red. A. Nysanbaev. Almaty, 2001. 273 b. [In Kazakh].

Azhigali S.E. Arhitektura kochevnikov – fenomen istorij i kul'tury Evrazij (Nomadic architecture is a phenomenon of the history and culture of Eurasia). Almaty, 2002a. 654 p. [In Russian].

Azhigali S.E. Tradicijonnaja sistema skotovodcheskogo poselenja kazahov (Traditional system of pastoral settlement of Kazakhs) // Jetnografo-arheologicheskie kompleksi: problem kul'tury i sociuma. Novosibirsk, 2002b. T. 5. S. 143-190. [In Russian].

Azhigali S.E. Aktobe oblysynyn asa kornekti arhitekturalyq eskertkishteri: fotokorme (The main architectural monuments of Aktobe region: photo exhibition). Almaty–Aktobe, 2015. 52 b. [In Kazakh].

Beknazarov R.A. Meshiti Severnogo Priaralja (XIX – nashalo XX vv.): istoriko-etnograficheskoje issledovanie (Mosques of the Northern Aral Sea Region (late XIX – early XX centuries): historical and ethnographic research) // Otan tarihy. 2007. № 2. S. 135-148. [In Russian].

Beknazarov R.A. Religioznye dejateli i mecheti XIX – nachala XX vv.: issledovanie na materialah Aktjubinskoi oblasti (Religious figures and mosques of the XIX-early XX centuries: a study on the materials of the Aktobe region) // Otan tarihy. 2018. № 3. S. 21-29. [In Russian].

Ishenko M.M., Kazbekov I.S., Larin I.V., Shelkov B.K. Osebonnosti selskogo hozijastva adaevskogo uezda (Features of agriculture of the Aday district) / Issledovanie 1926 g. Leningrad, 1928. Vyp. VI. 215 s. + kart. [In Russian].

Kazak adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyk. 7-tom (dictionary of the Kazakh literary language) / Kurast.: B.Momynova, B. Suirkulova, A. Fazylyzhanova jane t.b. Almaty, 2011. 726 b. [In Kazakh].

Kazak meshitterinin jane dini kairatkerlerdin tarihy (XIX g. aijagy – XX g. basyndagy Aktobe oblysy materialdarynyn negizinde) (History of Kazakh mosques and religious figures) / Red. alka S.E. Azhigali, A. Aitaly jane baskalar. Aktobe, 2016. 100 b. [In Kazakh].

Larin I. Uroshishje Donguz-Dau i ego znashenie, kak kormovoi bazy, v zhizni roda Tabyn Adaevskogo uezda (The Donguz-Dau tract and its significance as a food base in the life of the Tabyn family of the Adayevisky district) // Narodnoe hozijastva Kazakstana. 1928. № 1. S. 67-83. [In Russian].

Materialy po kirgizskomu zemlepolzovaniyu, sobrannye I razrabotannye statisticheskoi partiei Turgaisko-Uraljskogo pereselenskogo raiona (The Donguz-Dau tract and its significance as a forage base in the life of the Tabyn family of Aday uyezd. Materials on Kirgiz land use collected and developed by the statistical party of the Turgay-Ural resettlement district). Temirski uезд. Orenburg, 1910. 651 s. razd. pag., 5 l. kart., tabl. [In Russian].

Rakhbaev K.K. Zheltau meshitterinin tarihy (History of Zheltau mosques (mid-XIX-early XX century)) // Scientific e-journal «edu.e-history.kz». 2020. № 1. [In Kazakh].

Turghanbaeva L.R. Nekotorye zamechanija ob arhitektura kazahskih medrese (Some remarks

about the architecture of Kazakh madrasas) // «Aralo-Kasspijskij region v istorij i kul'tury Evrazij»: Materialy II Mezhdunarodnoi nauchnoi konferencij. Almaty-Aktobe, 2011. S. 278-281. [In Russian].


Turganbaeva L.R. K problem izuchenie kul'tovo-zhilishhnuh kompleksov Zapadnogo Kazahstana (On the problem of studying the cult and housing complexes of Western Kazakhstan) // Materialy 1-go i 2-go Simpoziuma po kazahskomu pamjatnikovedeniju. Almaty-Atyrau, 2012. S. 150-156. [In Russian].



Сурет 1. Беспай діни-тұрғын кешеніндегі мешіт.
Жоғарыдан түсірілген көрінісі, 2019 жыл.



Сурет 2. Беспай мешітінің намаз оқитын бөлмесінің ішкі көрінісі.
Суретті түсірген С.Е. Әжіғали, 2019 ж.



Сурет 3. Изенагаш діни-тұрғын кешені. Орналасу жоспары, 2019 ж.



Сурет 4. Изенагаш діни-тұрғын кешеніндегі мешіт.
Жоғарыдан түсірілген көрінісі, 2019 ж.



Сурет 5. Изенағаш мешітінің намаз оқитын бөлмесінің оңтүстік қабырғасындағы михрабы. Суретті түсірген С.Е. Әжіғали, 2019 ж.



Сурет 6. Изенағаш мешітінің солтүстік-шығыс бұрышындағы әйелдерге арналған шағын бөлме. Суретті түсірген С.Е. Әжіғали, 2019 ж.

МРНТИ 03.09

DOI 10.51943/1814-6961_2021_1_180

ОТ ДРЕВНЕТЮРКСКИХ ГОРОДОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ К ГОРОДАМ СРЕДНЕВЕКОВЬЯ

Каримова Рисалат-Биби Усмановна^{1*}

¹Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова. Казахстан, г. Алматы

*Автор-корреспондент
E-mail: risalat.karimova@mail.ru

Аннотация. Статья посвящена тюркским городам Центральной Азии, их эволюции от древнетюркских основ к развитым городам средневековья. Процесс эволюции городов рассмотрен с позиций имевшей место в истории тюрков эпохи ренессанса, возрождения после упадка, последовавшего за Тюркской эпохой. Тюркская эпоха – время